Әділет

# Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда қазақстандық қатысуды ұлғайту жөнінде жұмыс тобын құру туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 21 маусымдағы N 169-ө Өкімі. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.05.31. N 442 қаулысымен.

Заңнаманы жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда қазақстандық қатысуды ұлғайту бөлігінде жетілдіру жөніндегі шараларды іске асыру мақсатында:

1. Мынадай құрамда жұмыс тобы құрылсын:

Исекешев Әсет Өрентайұлы - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда вице-министрі, жетекші

Қажыкен Мейрам Зекешұлы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитетінің төрағасы, жетекшінің орынбасары

Әбдиева Күлпаш Вениаминқызы - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Индустриялық-инновациялық дамыту департаменті машина жасау және қорғаныс өнеркәсібі басқармасының бастығы, хатшы

Ғайнуллиев Амантай Өтегенұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің N 1 Өңіраралық салық комитеті келісім-шарттарды талдау және сараптау басқармасының бастығы

Несонова Татьяна Сергеевна - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігінің Өнеркәсіп және ғылыми-техникалық дамыту комитеті өңдеу және тау-кен өндіру өнеркәсібі басқармасының бастығы

Сұрағанов Жамбыл Амангелдіұлы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитетінің N 1 Өңіраралық салық комитеті заң басқармасының бастығы

Төлеуов Бейбіт Төлеуұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі Жер қойнауын пайдалануға тікелей

инвестициялар департаментінің жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттар жасасу және жер қойнауын пайдалану мониторингі басқармасы бастығының орынбасары

Жанбекова Балжан Боранбайқызы - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Кедендік бақылау комитеті жер қойнауын пайдаланушылардың инвестициялық келісім-шарттары шеңберінде өткізілетін тауарларға кедендік бақылауды ұйымдастыру бөлімінің бастығы

Исмаилова Айнагүл Есімқызы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің Салалық органдардың шығыстарын жоспарлау департаменті өнеркәсіп және құрылыс бөлімінің бастығы

Қуанышбаев Ермек Мекебайұлы - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Заңға тәуелді кесімдер департаменті қорғаныс, құқық тәртібі және сыртқы байланыстар мәселелері жөніндегі кесімдерді сараптау бөлімінің бастығы

Саттаров Сапар Слямиянұлы - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Жер қойнауын пайдалануға тікелей инвестициялар департаменті жер қойнауын пайдаланудың дерекқорын басқару бөлімінің бастығы

Тұмышев Айдын Лазарұлы - "Қазақстан келісім-шарт агенттігі" акционерлік қоғамының бірінші вице-президенті (келісім бойынша)

Төлешев Әбілахат Кенжебекұлы - "Қазақстан келісім-шарт агенттігі" акционерлік қоғамы вице-президентінің міндетін атқарушы (келісім бойынша)

Оспанов Ерболат Серікұлы - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының ірі мұнай-газ жобаларына қазақстандық қатысуды дамыту жөніндегі директоры (келісім бойынша)

Мұхамбетәлиев Данияр Қаратайұлы - "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы Солтүстік Каспий жобасы департаментінің менеджері (келісім бойынша).

2. Жұмыс тобы 2005 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне мыналар бойынша ұсыныстар енгізсін:

1) Өнімді бөлу туралы келісімге және Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарға қазақстандық қатысуға қатысты бөлімдерді енгізу бойынша;

2) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігімен тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жыл сайын сатып алу, сондай-ақ сатып алуға арналған бюджеттер бөлігінде жұмыс бағдарламаларын келісу туралы;

3) қолданыстағы заңнамаға Өнімді бөлу туралы келісімдер бойынша жұмыс істейтін жер қойнауын пайдаланушылардың жер қойнауын пайдалану жөніндегі операцияларды жүргізу кезінде қазақстандық қатысуды ұлғайту мақсатында тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сатып алуға арналған келісім-шарттарды Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігімен бағалық сараптама мәніне міндетті түрде келісуіне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша;

4) Қазақстан Республикасының Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруі шеңберінде оларға қатысты преференциялық режим сақталуы қажет тауарлардың шектеулі түрлерін және өтпелі кезеңнің мерзімін айқындау бойынша.

3. Жұмыс тобына белгіленген тәртіппен орталық, жергілікті атқарушы органдардың және өзге де ұйымдардың мамандарын жұмыс тобының құзыретіне кіретін мәселелер бойынша тарту, сондай-ақ қажетті ақпарат сұрату құқығы берілсін.

4. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда бірінші вице-министрі И.М.Кравченкоға жүктелсін.

*Премьер-Министр*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК